

"Астана қаласының су объектілерінде су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылық пайдалану режимін белгілеу туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 20 қазандағы № 205-2263 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 5 мамырдағы № 205-1290 қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2025 жылғы 23 мамырда № 1412-01 болып тіркелді

Астана қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Астана қаласының су объектілерінде су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылық пайдалану режимін белгілеу туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 20 қазандағы № 205-2263 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1359-01 болып тіркелген) мынадай өзгерістер пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

реттік нөмірі 61-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

61	Ақбұлак өзені Басталуы 51°12'11.37" N, 71°35' 01.51"E 51010'34,697" N, 71030'15,159"E 510 10'36,355" N, 71030'15,944"E	500	20
----	--	-----	----

";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 61-1, 61-2-жолдармен толықтырылсын:

"

61-1	Ақбұлак өзені 51010'34,697" N, 71030'15,159"E 510 10'36,355" N, 71030'15,944"E 51010'35.280" N, 71030'6,830"E 51010'37,722" N, 71030'8,538"E	70-102	20
61-2	Ақбұлак өзені 51010'35.280" N, 71030'6,830"E 51010'37,722" N, 71030'8,538"E 08'53.8300" 26'24.3500"E	500 51° N71°	20

";

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылышжайлар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылышжайларын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көліктік инфрақұрылым, кәсіпшілік балық өсіру объектілерін, балық өсіру шаруашылықтары мен олардың коммуникацияларын орналастыруға және қызмет көрсетуге байланысты балық өсіру объектілерін, балық шаруашылығы технологиялық су айдындарын, жаңартылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, демалыс және (немесе) сауықтыру мақсатындағы ғимараттар мен құрылышжайларды салмай, ғимараттар мен құрылышжайларды салуға және пайдалануға;".

2. "Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

1) осы қаулының Астана қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оның Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласының әкімі

Ж. Қасымбек

Келісілді:

**"Астана қаласының Сәulet, қала
құрылышы және жер қатынастары
басқармасы" мемлекеттік мекемесінің
басшысы**

**"Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар
министрлігі Су ресурстары
комитетінің Су ресурстарын
пайдалануды реттеу және
қорғау жөніндегі Есіл
бассейндік инспекциясы"
республикалық мемлекеттік
мекемесінің басшысы
"Қазақстан Республикасы**

Экология және табиғи ресурстар
министрлігі Экологиялық
реттеу және бақылау комитетінің
Астана қаласы бойынша
Экология департаменті"
респубикалық мемлекеттік
мекемесінің басшысы
"Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау комитетінің Астана
қаласының Санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
департаменті" респубикалық
мемлекеттік мекемесінің
басшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК